



ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ

Білім беру тәсілдері





Жоспары:

1. Сабақ үйрету уақытын тиімді пайдалану.
2. Оқыту уақыты.
3. Жауапкершілік келісімшарттары.

Білім беру тәсілдеріне қатысты Скиннер көп жазды. Оның пікірінше, бұл салада аверсивті (жағымсыз) бақылау өте көп. Балаларды ұрып-соғу жоқтың қасы, дегенмен олар өздері қалағандықтан немесе оларға ұнағандықтан емес, керісінше, мұғалімнің сынынан, директорға шақыртудан құтылу, артықшылықтардан айрылып қалу сияқты жаза түрлерінен қашу үшін тапсырмаларды орындайды. Осыған байланысты тағы бір мәселе – бекітудің тұрақты болмауымен, ал бола қалған жағдайда, қаламаған уақытта орын алуымен байланысты. Мұғалім оқушыға күніне бірнеше минутін ғана бөле алады. Оқушылар тапсырманы орындап, мұғалімдерінің пікірін тыңдап отырғанда-ақ бар уақыт өтіп кетеді. Демек, оқушылар дұрыс білім алмайды, осыған байланысты тапсырмаларды тексеріп, түзету үшін мұғалім қосымша уақыт бөлгені жөн. Үшіншіден, оқу жоспарының көлемі мен бірізділігі оқушылардың барлығы бірдей дағдыларды игере алатынына кепілдік бере алмайды. Себебі көп жағдайда, мұғалім барлық материалды қамту үшін, оқушылар алдыңғы дағдыларды игеріп үлгермей жатып келесі сабаққа көшуге мәжбүр.

Скиннер мұғалімдердің айлығын көтеріп (артық етпес еді), мектепте білім алу уақытын ұзарту және стандарттарды көтеру немесе мұғалімдердің біліктілік сертификатын алу талабын күшейту арқылы бұл мәселені шеше алмайтынымызды баса айтады. Оның орнына сабақ үйрету уақытын тиімді пайдаланған жөн деп есептейді. Барлық оқушы оқу жоспарында көрсетілген материалды бірдей деңгейде игере алмайтындықтан, әр баламен жеке-жеке жұмыс жүргізу білім беру тиімділігін арттырар еді.

Скиннер білім беру үшін бекіту тәсілдерін дұрыс ұйымдастыру керек деп есептейді. Ол үшін:

1. Мұғалімдер материалды аз-аздап үйретсе.
2. Білім алушылар жай ғана тыңдап отырмай, сабаққа белсене араласатын болса.
3. Оқушының жауабынан кейін іле-шала мұғалім пікір айтып отырса.
4. Оқушылар оқу материалын өздерінің деңгейлеріне қарай игерсе, білім берудің тиімділігі жоғарырақ болады.

Білім беруге қатысты аталған тәсілдер білім алушылардың қазіргі іс-әрекетіне негізделе отырып, олардың білім деңгейі мен мақсаттарын анықтауды қамтиды. Алайда қазіргі білім жүйесінде қолданылып жүрген негізгі әдістерді есепке алатын болсақ, бұл мақсатқа жету мүмкін емес сияқты. Өйткені мұндай жағдайда мұғалімдер жеке оқушыға арналған сабақты түрлі әдіспен, түрлі жылдамдықта іске асыруы қажет болады. Кезең-кезеңімен, жеке тұлғаның қажеттілігіне бағыттап оқыту бұл мәселені шешуде тиімдірек сияқты: бұл кезде балалар өз деңгейі мен жылдамдығына сай білім алу мүмкіндігіне қол жеткізеді.

Мінез-құлық мақсаттары дегеніміз – оқушыға білім беру нәтижесінің қандай болатынын нақты анықтау. Мұғалімдер оқу жоспарын дайындау барысында мінез-құлыққа арналған нақты мақсаттарды анықтап, сол мақсатқа жету үшін оқушыға көмектесе алатын әрекеттерді жоспарлауы керек. Сурет сабағының мұғалімі «қарындашпен мектептің суретін салу» деген жоспардың орнына осы дағдыны игеру үшін оқушыға қойылатын мақсаттарды анықтауы керек. Мақсат қарындашпен сурет салу ма, әлде мектептің алдына барып қарап тұрып салу ма? Олай болса, мақсатты былай анықтаған дұрыс болар еді: «Оқушыларға мектептің басты нүктелерін дұрыс салуды үйрету (қолданылатын материал: сурет салатын қағаз, қарындаштар)».

Балабақша тәрбиешісі «балалардың өнерді, музыканы, дене шынықтыруды ересектерше қабылдауын» қалайды. Бұл жастағы балалары үшін тәрбиешінің мақсатты бұдан гөрі нақты айқындағаны жөн болар еді. Мысалы, «балалар басқа кабинеттерге өзара сөйлеспей, сап түзеп баруы керек».

Зерттеушілердің айтуынша, мінез-құлық мақсаттары оқыту нәтижесінің қалай болатынын анықтап алуы керек. Ал ол, өз кезегінде, сабақ жоспарын жасау мен оқушылардың білімін бағалауға көмектеседі. Ол сондай-ақ оқушының қандай тақырыпты игеруі қажеттігін анықтауға да көмектеседі. Тақырыпты үйрету мақсаты мен оларға кететін нақты уақытты ескере отырып,



мұғалімдер қандай мақсаттың пайдалы екенін анықтайды және соларды қолданады. Білім беру нәтижесінің төмен деңгейін (білім, түсіну) нақтылау оңай болғанымен, жоғары деңгейлі нәтижелерді бағалау үшін (әдістерді қолдану, талдау, синтездеу, бағалау) дұрыс мінез-құлыққа бағытталған мақсаттарды жазып отыру керек.

Зерттеулер мақсаты жоқ оқушыларға қарағанда, мақсаты бар оқушылардың шынайы вербалды ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі көп екенін көрсетіп отыр (Faw & Waller, 1976; Hamilton, 1985). Мақсаттар оқушылардың ақпаратты қажетті деңгейде өңдеуіне көмектеседі. Оқушыларға жаттау тапсырмалары берілген кезде, олар жаттауды жеңілдетудің қайталау сияқты барлық тәсілдерін қолдана алады. Оқыту мақсатының тиімділігі оқушылардың осы мақсаттармен таныс болуы мен ақпаратты қаншалықты маңызды деп қабылдауына байланысты. Мақсат қоя білуге үйрету немесе критерилерге негіздей отырып, білім беру тәсілдерімен таныс болу білім беру нәтижелілігін арттырады. Оқушылар өз беттерімен қандай материалды оқудың маңыздылығы жоғары екенін анықтай алған кезде әрі қарай мақсат қоюдың қажеті жоқ. Өздері үшін қандай материалдың маңызды екенін біле алмаған жағдайда ғана оқушыларға олардың мақсатын түсіндірген жөн.

Оқыту уақыты

Оперантты теория бойынша сыртқы факторлар оқушылардың білім алуына әсер етеді. Оның бірі – білімге жұмсалатын уақыт. Кэррол білімге жұмсалатын уақытқа негіздей отырып, мектепте білім беру үлгісін жасап шығарды. Бұл бойынша оқушылар білім алуға жұмсаған уақыт көлемінде ғана білім алады. Уақыт деп білім алуға жұмсалған немесе білімге көңіл бөлінген уақытты айтып отырмыз. Уақыт сыртқы (бақылауға болатын) фактор болғанымен, бұл анықтама танымдық сипатта, себебі бұл уақыттың қарапайым мінез-құлық көрсеткішінен басқа да факторларды қамтиды. Осыған сүйене отырып, Кэррол оқуға жұмсалатын уақытқа әсер ететін факторлармен бірге оқуға жалпы қанша уақыт кететінін анықтады.

Білім алуға жұмсалатын уақыт

Оқушының білім алуына кететін уақытқа әсер ететін факторлардың бірі ретінде тапсырманы орындай білу қабілетін айтуға болады. Білім алу қабілеті алдыңғы тапсырмалар мен игерілген білім деңгейі, қабілет пен көзқарас сияқты адамның жеке-дара қасиеттеріне байланысты. Екінші фактор берген білімді түсінуге байланысты. Оған білім беру әдістерін жатқызуға болады, мысалы кей оқушы ауызша берілген ақпаратты жақсы түсінсе, кейбіріне визуалды презентациялар қажет болады. Үшінші фактор білім беру сапасы немесе тапсырманың ұйымдастырылу деңгейі және оқушыларға ұсынылуы туралы. Білім беру сапасына оқушылардың үйренетін дағдылары, оны үйрену жолдарын білу, оқитын тақырыптың мазмұнын түсінуі, тапсырманы орындағанға дейін қаншалықты білім деңгейі қажет деген мәселелер кіреді. Білім беру сапасы төмен болған жағдайда білімін арттыру үшін оларға көп уақыт қажет болады.

Оқушының білім алуға қанша уақыт жұмсайтыны оған бөлінген уақытқа байланысты. Мектеп бағдарламасында пәндер өте көп болғандықтан, белгілі бір пәнді оқуға жұмсалатын уақыт оған жұмсалуды қажетті уақыттан аз. Мұғалімдер сабақты барлық балаға бірдей түсіндірген кезде, кейбір оқушылар жаңа сабақты түсінбей қалады, осыған байланысты оларға қосымша уақыт қажет болады. Ал оларды қабілет деңгейіне қарай топтастырған жағдайда, түрлі тақырыпты түсіндіруге жұмсалатын уақыт балалардың оны қаншалықты тез қабылдауына байланысты. Екінші әсер ретінде оқушының білім алуға жұмсағысы келетін уақытты айтуға болады. Оқушыларға білім алу үшін жеткілікті уақыт берілгенімен, олар бұл уақытты оқуға жұмсағысы келмеуі ықтимал. Қызығушылығының төмен болуына, тапсырманың күрделілігіне және басқа да факторларға байланысты, оқушылардың бөлінген белгілі бір уақыт аралығында тапсырманы орындағысы келмеуі мүмкін. Кэррол бұл факторларды байланыстыра отырып, оқушының белгілі бір тапсырманы орындауға қажетті уақытын есептейтін формула құрастырды:

Білім алу деңгейі = білім алуға кеткен уақыт/білім алуға қажет уақыт



Негізінен, білім алуға қанша уақыт қажет болса, оқушы сонша уақыт жұмсай алады (білім алу деңгейі = 1.0), алайда кей жағдайда олар қажетті уақыттан не көп уақыт жұмсайды (білім алу деңгейі 7 1.0), не аз уақыт жұмсайды (білім алу деңгейі 6 1.0). Кэрролдың үлгісі білім алуға қажетті академиялық уақыт пен білім алуға жұмсалған уақыттың және білім алуға қажет уақыттың маңыздылығына ерекше мән береді.

Білім беру саласының көптеген қызметкерлері білім беруге бөлінген уақыт босқа кетіп жатыр деп дабыл қағуда (Zepeda & Mayers, 2006). Оқушының жетістігін арттыруда уақыт өте маңызды. Мысалы, 2001 жылғы бірде-бір бала артта қалмауы керек заңына сәйкес, федералды үкіметтің бастауыш және орта мектептердегі рөлі артты (Shaul & Ganson, 2005). Бұл заң білім беруге қанша уақыт жұмсалуды қажеттігін нақты белгілеп бермесе де, оқушының жетістігіне деген талап, мектептердің есеп жауапкершілігі жайлы стандарттар, сондай-ақ уақытты дұрыс қолдану жайлы сыншылардың үндеуі – барлығы мектептердің уақытты пайдалану мәселесін қайта қарап, осылайша оқушылардың білімін арттыруға көңіл бөлуіне жол ашты. Солардың бірі – көптеген орта мектептердің дәстүрлі алты сағаттық кестеден блоктық кестеге ауысуы. Аталған кестенің түрі көп болғанымен, мектептердің көпшілігі А/В блогын таңдап алды. Ол бойынша, пән саны қысқартылады, ал әр пәнге кететін сағат саны ұзартылады. Басқаша айтқанда, блоктық кесте мұғалімдер мен оқушылардың контентті тереңірек зерттеуіне мүмкіндік береді. Ал бұл дәстүрлі кестеге (мысалы, 50 минут) сай оқыту кезінде мүмкін емес еді.

Оқыту уақытын көбейтудің тағы бір жолы ретінде мектептен тыс орын алатын, мысалы, сабақ біткеннен кейінгі немесе жазғы мектептерді атауға болады. Зерттеулер нәтижесі блоктық сабақ кестесіне қарағанда, мектептен тыс бағдарламалардың тиімділігі жоғары екенін көрсетіп отыр. Лауэр және т.б. (2006) ғалымдар өз зерттеулері кезінде мұндай бағдарламалардың оқушылардың оқуына, математикалық көрсеткішіне оң әсер ететінін байқаған. Демек, бұл бағдарламалардың (мысалы, репетитормен жұмыс істеу) артықшылығы басымырақ. Махони, Лорд және Каррил (2005) мектептен кейінгі бағдарламалардың балалардың академиялық көрсеткіші мен мотивациясына да оң әсер ететінін анықтаған. Мұндай бағдарламаларға үзбей қатысатын балалардың нәтижелері де жоғары болған. Кэрролдың үлгісімен келісе отырып, біз академиялық білім алуға көңіл бөліп, оған қолдау көрсеткен жағдайда мектептен тыс білім беру бағдарламалары аса пайдалы деген қорытындыға келеміз.

Оқыту шеберлігі

Кэрролдың үлгісі бойынша, білім алуға бөлінген уақыт барлық оқушыға бірдей болғанымен, оқушылардың білім алу қабілеті әртүрлі болса, олардың жетістігі де әртүрлі болып келеді. Білім беру уақыты мен әдісі әр оқушының қабілетіне қарай әртүрлі болып келсе, онда әр оқушының білім деңгейін көрсету мүмкіндігі бар. Бұл ойлар шеберлікті шыңдаудың/дағдыны игерудің негізін қалайды (Anderson, 2003; Bloom, 1976; Bloom, Hastings, & Madaus, 1971). Дағдыны игеру Кэрролдың идеясы мен дағдыны анықтау, дағдыны жоспарлау, дағдыны үйрету және дағдыны бағалау сияқты кезеңдерді қамтитын білім беру жүйесін қамтиды (Block & Burns, 1977).

Дағдыны анықтау үшін мұғалім бірнеше мақсат қойып, қорытынды емтихан сұрақтарын дайындайды, осылайша дағдының деңгейін анықтайды. Пәннің мақсатына қарай, мұғалім пәнді бірнеше бөлімге бөле алады.

Дағдыны жоспарлау дегеніміз – мұғалімдердің түзетуге қажетті уақытты еске ала отырып, оқу жоспарын құруы (формативті бағалау). Мұндай бағалау әдетте бөлімді аяқтаған кезде дағдыны игеру деңгейін тексеру үшін жасалады (мысалы, 90%). Бөлімге қатысты дағдыны игере алмаған оқушылар үшін шағын топта оқыту, жеке қосымша сабақ өту, контентті пысықтау сияқты іс-шаралар атқарылады. Дағдыларды алғаш игере бастаған кезде дағдыны қалай игеру қажет екенін мұғалімдер барлық балаға, шағын топқа және жеке балаға арналған әрекеттер негізінде түсіндіреді. Формативті бақылау жұмыстарын беру арқылы қай оқушының дағдыны жақсы игергенін тексере алады. Нәтижесі төмен оқушыларды шағын топқа қосып, оларға қиындық туғызған мәселелерге көңіл бөлінеді. Мұндайда тәжірибелі мұғалімдердің көмегіне сүйенген жөн. Мұғалімдер үй тапсырмасымен бірге, оқушылар қиналатын тақырыпты қайталауға да тапсырма береді. Дағдыны бағалауға қорытынды емтиханды жатқызуға



болады. Қажетті деңгейді көрсеткен немесе одан жоғары балл алған балаларға бестік баға (А) қойылады. Төмен нәтиже көрсеткендер де критерилерге сай бағаланады.

Оқыту нәтижесінде балалардың қабілеті аса көп өзгере қоймайтынын ескерсек, балалардың қабілетін оқытудың детерминанты ретінде қабылдау дұрыс емес сияқты. Блум (1976) білім беру факторларының өзгеріп тұруы да аса маңызды екенін анықтады. Ондай факторларға танымдық мінез-құлықты (сабақ басталар кездегі оқушылардың дағдысы мен танымдық өңдеу тәсілдері), аффективті қасиеттерді (қызығушылық, мотивация) және білім беру сапасына әсер ететін нақты факторларды (оқушының қатысымы, қатені түзету жолдары) жатқызуға болады. Дағдыны игерудің оқушылардың жетістігіне тигізетін әсеріне байланысты зерттеулер түрлі нәтиже көрсетіп отыр. Дәстүрлі бағдарламаға сай білім алатын оқушыларға қарағанда, дағдыны игеру сабағына қатысып жүрген оқушылар білім алуға көбірек уақыт жұмсайды (Block & Burns, 1977). Мектеп уақытын тиімді пайдалану аса маңызды болғандықтан, дағдыны игеру мектептен тыс жерлерде көбірек орын алғаны жөн. Кейбір зерттеулер дағдыны игерудің академиялық нәтижеге қарағанда аффективті нәтижеге (мысалы, пән тақырыбына қатысты қызығушылық және көзқарас) аз әсер ететінін көрсетіп отыр.

Білім беретін бірқатар ортада дағды қалыптастырудың пайдасы ерекше. Бастауыш мектептің енді оқып үйреніп жатқан тобын алсақ, дұрыс ұйымдастырылған дағдыны қалыптастыру бағдарламасы оқушылардың өз шамасына қарай алға жылжуына көмектеседі. Дәстүрлі білім беру әдістерінен ерекшелігі – оқытудың бұл түрі бойынша жылдам жетістікке жетуге машықтанған оқушылардың қарқыны төмендемейді. Оқытудың осы түріне қойылатын басты талап – әрекеттерді қарапайымнан күрделіге қарай орналастыру. Бағдарламада сондай-ақ баланың жетістігін тексеруге де уақыт бөлінуі керек. Бұл кезде мұғалім мен бала тапсырманы бірге қарап шығып, бала жетістігі бағаланады, қажет болған жағдайда мұғалім тақырыпты қайта түсіндіреді.

Мектеп табалдырығын жаңа аттаған кішкентайлардың да оқуға қатысты біраз тәжірибесі және қабілеті болады. Дағдыны игеру осындай түрлі қабілеттер мен даму деңгейлерін мұғалімнің тиімді басқаруына көмектеседі. Мұндай тәсілдерді білім беру орталықтарында шағын топтарда қолдануға болады. Балаларды олардың сол сәттегі деңгейіне қарай түрлі орталықтар мен топтарға орналастыру тиімді. Кейін әркім өз шамасына қарай деңгейін өзгертеді. Дағдыны игеру оқытуға деген балалардың өзіндік тиімділігін қалыптастыра алады. Балаларда «бір тарауды бітіргеннен кейін білім алуды ары қарай жалғастыра аламын» деген сенімділік пайда болады.

Жауапкершілік келісімшарттары дегеніміз – мұғалім мен оқушының арасында жасалатын, жетістікке жету үшін оқушы қандай тапсырманы орындау керектігін және күткен нәтиже (бекіту) қандай болатынын нақтылап беретін келісім түрі (Homme, Csanyi, Gonzales, & Rechs, 1970). Әдетте жазбаша болып келгенімен, келісімшартты ауызша да жасауға болады. Мұғалім келісімшартты жасап, оқушының онымен келісетінін немесе келіспейтінін сұрайды, алайда келісімшартты мұғалім мен оқушы бірлесе отырып жасағаны жөн. Оны бірлесе отырып жасаудың артықшылығы – оқушылар мұндай кезде келісімшарт талаптарын орындауға дайын болады. Мақсатты анықтауға қатысқан кезде адамдар сол мақсатқа жетуге ұмтылады. Ал таңдауға қатыспаған жағдайда, оларда ондай жауапкершілік сезімі болмайды (Locke & Latham, 1990).

Келісімшарттар белгілі бір мінез-құлыққа қатысты мақсаттар мен күткен нәтижелерді анықтап береді. «Жауапкершілік» дегеніміз – күткен нәтиже, яғни оны «мынаны орындаған кезде осыған қол жеткізесің» деп түсіндіруге болады. Мінез-құлық немесе әрекет нақты болғаны жөн. Мысалы, «математикадан берген 1–30 тапсырманы кемінде 90% қатесіз орындаймын» немесе «кітап оқып отырған кезде орнымнан тұрмаймын». Жалпылама әрекеттер (мысалы, «математиканы қарауым керек» немесе «тәртібімді түзеуім керек») болмауы керек. Жас балаларға келгенде уақыт фреймі қысқа болғаны жөн. Алайда мақсатқа қарай бір тапсырманы бірнеше рет қайталауға немесе күніне 30 минутқа дейін, ал әлеуметтік пәндер бойынша бір аптаға созуға болады. Келісімшартқа академиялық және академиялық емес мінез-құлықты енгізуге болады.

Жауапкершілік келісімшарттары мінез-құлықты өзгерту үшін бекітуді жүйелі түрде қолдануды білдіреді. Оны тапсырманы орындау, сабақ үстінде балаларға кедергі келтірмеу,



талқылауларға қатысу сияқты кез келген мінез-құлық түрін өзгерту үшін қолдана аламыз. Келісімшарт жасау барысында мұғалім мадақтаудың оқушылардың қызығушылығын туғызып, ынталандыратынын естен шығармауы тиіс. Балалармен бірлесіп келісімшарт жасауға және олардың жетістігін бақылауға көп уақыт кетеді. Қуанарлық жайт – мінез-құлыққа және тапсырманы орындауға қатысты келісімшарттар барлық оқушыға бірдей қажет емес. Келісімшарттар әсіресе оқушылардың тапсырмаларды дұрыс орындауы үшін аса қажет. Ұзақ уақытты алатын тапсырмаларды күнін белгілей отырып, бірнеше қысқа тапсырмаға бөлуге болады. Мұндай жоспар оқушылардың тапсырманы орындап үлгеруіне және уақытында тапсыруына көмектеседі.

Дейл Шунктің айтуынша, мақсаттар айқын, уақытша болса да қолжетімді, қиын болса да орындауға болады және өнімділікті арттырады деген қағидаларға негізделуі керек (Schunk, 1995). Келісімшарттар оқушыларға тапсырманы олардың қалай орындап жатқаны жөнінде ақпарат та береді. Мұндай ақпарат оқушылардың мотивациясы мен жетістігін арттырады (Locke & Latham, 1990). Келісімшарттар оқушылардың оқудағы жетістігі мен мінез-құлыққа қатысты тапсырмаларды орындауына жағдай жасау арқылы жетістікке жетуге мүмкіндік туғызады.

Қорыта айтқанда, Б.Ф. Скиннердің оқыту теориясы сыртқы әсерлер (тітіркендіргіш, жағдаят, оқиға) жауап беруге түрткі болады деген болжамға негізделеді. Бекіту жауапты нығайтады. Мінез-құлық салдарлары адамдардың сыртқы факторларға жауап беру ықтималдығын анықтайды.